Fevraldьn on tərtj. Saqat çetjnj soqьp 30 minut ketkende er tulqalь, əiel sьmbattь, manqazdau kelgen bjr əiel tribunaqa çьqtь. Ol tabьstarьn aittь. Çurt qol soqtь. Bul — əlemge əigjlj əzjmjzdjn Salixa Onqarbaeva edj.

Qolьna ustaqan tylkj bərkj, tylkj jcjgj bar, cacьn kesken kelte murьn tompiqan qara torь ças bala tribunaqa qarai bettep taisalmastan çyrjp keledj. Ol, Stalindj alqaçqь kərgende quanqanьnan orьnan bjr turьp, bjr otьrьp çurt qoiqanda da ol qoimai alaqanьn soqa bergen edj. Qazjr orьnan qalai turьp, aiaqьn qalai basьp tribunaqa kelgenjn sezbei de qaldь. Denesj bjr suьp, bjr qьzьp, quanьc boiьn kernep kəzjne ças tolьp kettj. Stalinnjn qasьna keljp qolьn aldь. Saspastan tylkj jcjktj ystjne çaptь da, bərjktj basьna kigjzjp—səileuge ruqsatetjnjz,—depqolьnkəterdj.

— Paçalusta, — dedj kəsem.

Maqpuza K'eml tribunasьna çьqtь. Zal lьqa tolь adam. Oqan antalap qarai qaldь. Ol, bala bop qai-

Əkesj balasьn tapqanьna Turgenov ta məz bolmai ma...

Qart atasьnьn ynjn tьndap cattanqan qьzdarь qoqanьn syirjgjndei appaq qoldarьn ystj-ystjne soqьp çattь.

Tursьndь ertjp çanaqь studentka Rozanьn qasьna keljp ekeujn tanьstьrdь.

Betterjnjn nurь tamqan ekj qьz. Bjrj — kolxozdьn kecegj balasь, bygjn astananьn ylgjlj oqucьsь, ordendj komsomolkasь Roza. Ekjncjsj — kolxoz dalasьnьn aruь, enbek syigen ças staxanovkasь Tursьn. Ekeuj kezendj çerde kezdesjp, mol keneske kjrjstj.

— Çaraidь baurьm: Maqta dalasьnьn staxanovkasь bolqanьn çaqsь. Çumьstь ənjmdj jstep ənege kərsetu kerek. Mьnau „Rodina" samolətjnjn ekipaçь Grizodubova, Osipenko çana Raskova apailardьn geroilьqtarь bykjl eldj tanьrqattь. Dos syijnjp, ducpan kyijndj. Bjz olardьn sjnljsjmjz, solardai bolubmьz kerek. Bolamьz da,—dedj Roza çjgerlene tysjp... **Sonь.**

## ÇAMBULQA

Çadьrap, qaita atьp, çastьq tanь —
Tulpardьn kyi' tysken babьndaqь.
Çьrьmen çer çahandь dybjrletjp
Tu qьlьp əlenjne dombьranь.

Çyregjnjn çuldьzь —
Onьn çьrь.
Keudesjnjn sənbeitjn kymjs kynj.
Bjr qasьrdьn tot baspas cьn ainasь,
Saqtaqan bygjngjnj,

Burьnqьnь.

Oiqa — okean, ənge — açar,
çьrqa — danq,
Çyzj — qart, çyregj — ças, ol bjr
alьp.
Kyi tolqьp kəmeijnen, çьr qainasa—
Poezia əlemjn qьlqan çarьq.

Komanda berjp ənceн çenjmpazqa,
Bastap tur ulь Stalin məngj çazqa.
Asьl səz armiasьn, əlj Çəken
Attandьrmaq sert berjp ulь ustazqa.

*Çazьqbaev D.*
Guriev qalasь.

## BULBЬL

Qanatьndь qaita qaqьp,
Sairacь bjr dostьm bulbьl
Əndetkende qus bulbьlь
Ketedj əsjp bjzdjn kənjl.

Cьrqat əncjm tamьlçьta,
Çanqa çai'ь çazdьn çьrьn,
Çjbek torqa sən baqcada,
Təkcj nəzjk ən cьrьnьn.

Syiem senjn təttj ynjndj
Yn qosaiьn men de saqan,
Uqam senjn bal tjljndj
Çьrla deidj əmjr maqan.

*Abai Maldьbaev*
(Çjmkent orta mək tebj).

Oleg Matskevic

# Mektep direktorь



Bjzdjꞑ respuʙlikada zəuljm ʙijk tamaca, keꞑ, çarьq əsem mektepter nedegen kөp desenjzcj! Sonьꞑ ʙjrj Cjmkent qalasьndaƣь mektep. Ol—qarapaiьm at, daꞑqtь at—Klokov atьndaƣь mektep...

I.

Bjreu kjrdjde, mektep qorasьnьꞑ kyn cuaqtь çerjne keljp toqtadь. Qorada ʙalalar asьr-salьp oinap çyrgen edj. Ol ʙjraz tūrdь da, qoranьꞑ tykpjr çaƣьnda toptalьp tūrƣan çoƣarƣь klas oqucьlarьnьꞑ çanьna ʙarьp, kəzjr qandai saʙaq ʙolatьndьqьn sūradь. Oƣan ədettegjdei tanьmaitьn adamƣa qaitaratьn çauap tərjzdj, ʙalalar ʙaisalmen, eger de, çaꞑa oqьtucь kelse qoƣam tanu saʙaƣьnьꞑ ʙolatьndьqьn aittь.

Būdan cьƣьp ol mektepke qarai çyrdj. Bjraq, kenetten yidjꞑ taʙaldьrьƣьna aialdai qaldь. Өitkenj, cəcj yrpigen ʙjr ʙala ecnərsege alaꞑdamai, ьqlaspen kjtap oqьp otьr edj, ol ʙaiqatpastan onьꞑ kjtaʙьna kөz çygjrtjj de, jcjnen razь ʙolьp çyrjp kettj.

Sol kezde mekteptjꞑ storoçixasь Kuzmovna, ekj celek su alьp, yidjꞑ jckj esjgjnen qinalьp, өte almai çatьr edj, ol kele-aq, celektjꞑ ʙjrjn ūstai aldь. Çydeu kempjr, tanьmaitьn adamƣa taꞑdana qaradь.

— Cecei, direktordьꞑ kaʙinetj qaisь eken,—dedj, qolьndaƣь celek sudь qazandьqtьꞑ aldьna əkeljp qoiƣansoꞑ.

— Kaʙinet taʙьladь ƣoi,—dedj Kuzmovna, ʙaiau dauspen,—ʙjraq sonьꞑ jcjnde eckjm de çoq.

— Uaqasь çoq. Kjsj de ʙolar...

Kuzmovna taƣь da taꞑdana qaradь. Kөzjn ʙjr-ekj çьpьlьqtattь da, onьꞑ өne ʙoiьna kөz çygjrttj. Kөz qiьƣьnda aqьldьꞑ ʙeinesj ʙar. Keꞑ maꞑdai, çaƣь solьꞑqьlau. Mūrnьnьꞑ aldьnda qoiu, qara mūrt. Boiь ūzьn. Ystjnde əskeri kijm.

— Tanьmadьm ƣoi, cьraƣьm.

— Tanьrsьz cece, çūmьstь ʙjrge jstesermjz əlj...

Kuzmovna endj oƣan ʙjr, celekke ʙjr qaradь da:

— Ylken kjsj kөrjnesjz, su kөtergenjꞑjz qalai,—dedj.

Ol, kyljp çjʙerdj.

— Cece, ʙjzdjꞑ çaꞑa eljmjzdjꞑ ecʙjr adamьnda mьnau ylken, mьnau kjcj, mьnau oqьƣan, mьnau oqьmaƣan,—deitjn ʙūrьnƣь ʙөlucjljk ʙolmaq emes. Ol, kjm ʙolsa ol ʙolsьn, qolьnan kelgen çūmьstь jsteidj.

Kuzmovna tysjndj me, tysjnʙedj me ne, əiteujr zor ьqlaspen ʙasьn izedj.

* *
*

Osь mekteptjꞑ 6-klasьnda ʙjr aidan artьq uaqьt ʙolsa da qoƣam tanu saʙaƣьnьꞑ oqьtucьsь çoqtь. Kezek qoƣam tanu saʙaqьna kelgende, klas jcj ūu-cu ʙolatьn. Bjreuler kjtap oqitьn, keiʙjreulerj klastьꞑ ʙjr tykpjrjne toptalьp futʙol doʙь siaqtь oiьndar çaiьnda əꞑgjme aitьsatьn. Al, keiʙjreuj jcteme jstemesten çai otьratьn. Qoꞑьrau soƣьlƣannan keijn. ças futʙolister asьqqan kyij artqь partalarƣa otьrьsa qalьp, qalalьq komandь çaiьndaƣь talastь əꞑgjmenjꞑ kəzjr ūcьqьna çetpek. Al, oqudь syietjnder sөmkelerjnen kjtaptarьn alьp oquƣa kjrjstj.

Bjraq, ʙygjn ças futʙolister əꞑgjmesjn, kjtap oqudь syietjnder kjtaptarьn oqьp ʙjtjre almadь. Klas jcj kenetten tьm-tьrьs ʙoldь. Çairaꞑ qaqьp kjrjp kelgen çaꞑa direktor ornьna otьra ʙere-aq klas jcjn kөzjmen ʙjr colьp өttj de:

— Al ʙalalar, tanьsaiьq. Men sjzderdjꞑ çaꞑa direktorlarьꞑmьn, sonьmen qatar qoƣam tanu saʙaƣьnьꞑ oqьtucьsьmьn, menjꞑ oiьmca ʙjz jlezde-aq dos ʙolьp ketermjz. Solai emes pe ʙalalar?

Onьꞑ sөzj ūƣьmdь da, çaʙaiь da edj. Balalar onьꞑ çьmiƣan kөzjne tesjle qaradь da ʙarlьƣь ʙjrdei,—ərine, dedj.

Qoƣam tanu saʙaƣь osьlai ʙastaldь. Onьꞑ alƣacqь saʙaƣьnan ʙastap-aq oqucьlardьꞑ oiьnan ketpeitjndei əser qaldьrdь. Bjr kezde qacьq ʙop tūratьn pən, kəzjrde oqucьlarƣa acьq, aiqьn, çaqьn, syijktj pən ʙola ʙastadь. Klokov cьnьnda cecen emes. Bjraq, ol ʙaiьppen, ʙaisalmen ədettegjsjndei sөilegende, onьꞑ sөzjn çalьqpastan tьꞑdauƣa ʙolatьn edj... VI klastьꞑ oqucьlarь ləm-memsjz, tьm-tьrьs otьrdь da, onьꞑ sөzjn ьqlaspen tьꞑdastь, өitkenj, onьꞑ aitьp tūrƣanь leksia emes, qьzьqtь ʙjr əꞑgjme tərjzdj, ol өzjnjꞑ oqucьlarьna patsalь Resei tūsьndaƣь eꞑʙekcjlerdjꞑ өmjrjn kөz aldьna elestettj... Būlьꞑƣьr zaman, zarlь el, acьnƣan qalq, ezjlgen er, eꞑjregen ana, ʙūralƣan ʙala...

— Misalƣa mьnanь alaiьqcь ʙalalar. Mjne, qan-sөlsjz alʙa-çūlʙa өꞑjnde qaiƣь-qasjrettjꞑ daƣь qalƣandai iьƣь tysken ʙjr cal tūr. Būl menjꞑ əkem. Onьꞑ xaraketj qara temjrge sarь altьndь çalatu. Saqina men çyzjktj, ʙjlezjk pen alqanь altьnmen əcekeileitjn edj ol. Baiqaisьzdar ma, ʙūl ylken өner, ʙjraq, inemen qūdьq qazatьndai osь qiьn çūmьs ycjn menjꞑ əkem kynjne 15-aq tijn aqь alatьn, al əkemnjꞑ qaramaƣьnda ciettei çan cikj өkpeden ʙes adam ʙar. Sөitjp, onʙes tijndj ʙes çanƣa ʙөljꞑjzcj, qiьn esep emes, al ʙjr adamƣa keletjn yc tijnmen onь asьrau əlde qaida qiьn.

Eskj Reseide mūndai ac, çalaꞑactar qanca kөp ʙoldь deseicj, olar өmjrjnde ʙjr toia tamaq jcudjꞑ өzjn arman ettj.

Əꞑgjmege qьzьqqan ʙalalar peremenge cьƣudь ūmьtьp ta kettj.

II.

Fizika pənjnjꞑ oqьtucьsь Aleksei Nikitic tьrʙiƣan, qartaꞑ ʙolsa da, saqalьn ūqьptьlьqpen qьrьp tūratьn... Ol çetjncj klas oqucьlarьna telegraftьꞑ qūrьlьsьn tysjndjrdj de, fizika pənjnjꞑ aspaptarь çatatьn ckaftьꞑ çanьna keljp:

— Al endj ʙalalar, men sjzderge

ꞑūmьs jsteitjn telegraftьꞑ modeljn kөrseteijn.

Tap sol kezde Petr Alfimovtьꞑ çyregj taidai tuladь.

— Oiрьrmai,—dedj ol jcjnen,—qoiam qozƣalar ma eken?

Ol partanьꞑ astьna kjrjp kete çazdadь. Alekseidjꞑ өnj keneitten өzgerjp kettj.

— Aspaptь bjreu byldjrgen. Vintjn sьвьр alƣan, būl naƣьz xuligandьq! Osьnь aittь da kөzjldjrjgjnjꞑ ystjmen otьrƣandarƣa qaradь.

— Men sūrap tūrmьn, byldjrgen kjm?

— Yndemeisjꞑder me? Kjnəlj bala tabьlƣanca men sabaqtь oqьtpaimьn.

Petrdjꞑ çanьnda otьrƣan bala onьꞑ çeꞑjnen tarttь, tūr deijm, aitsaꞑcь сьnьꞑdь,—dep kybjrledj. Petr ornьnan tūrdь, dausь qьrьldap:

— Aleksei Nikitic, mūnь jstegen men edjm, ƣapu etjꞑjz.

Oqьtucь onьꞑ sөzjn bөldj.

* * *

Fedor Vasilievic Klokovtьꞑ Belinski atьndaƣь mekteptjꞑ direktorь bolƣanьna ekj ai camasь bolsa da, bykjl mektep: oqьtucьlar da, oqucьlar da onьmen bjrnece çьldan berj bjrge jstesjp kele çatqandai yirenjsjp kettj.

Ol ərbjr oqucьnь, oqucьlar onь bjletjn boldь. Taꞑerteꞑ ertemen mektepke keletjn de, oqucьlarmen çeke əꞑgjmelesjp, misalь kecegj sьrqattanƣan balanьꞑ bygjn densaulьƣьnьꞑ qandai ekendjgjn, bolmasa sabaqtan artta qalƣan balanьꞑ sabaqtь qalai ylgjretjndjgjn sūraitьn, egerde, onьꞑ sūraƣьna oqьtucь kymjlçjp çauap bere almasa, aculanatьn da:

— Sjz oqucьlardь tuƣan balaꞑьzdai bjluꞑjz kerek,—deitjn.

Өzj de oqucьlardь өz balasьndai syietjn.

Direktordьꞑ kabinetjne asьƣa-ysjge fizik kjrdj.

— Fedor Vasilievic, mьna balamen sөilesjꞑjzcj. Fizika aspaptarьnьꞑ barlьq vintterjn sьвьр alƣan da, model dei me, bjrdemege çaratpaq bolƣan.

Bjrnece minutten keijn Alfimov direktordьꞑ kabinetjnde tabçьlmastan otьrdь. Fedor Vasilievic oqucьƣa ьqlaspen qaradь da:

— Osьnьꞑ өzj adam boladь deijm, dep oiladь. Sөittj de, çairaꞑ qaƣьр onьꞑ çanьna otьrdь.

— Al, Petr, men saƣan ūrьspaimьn, ondai ədettj men bjlmeimjnde. Samolөttjꞑ modeljn çasaƣanьꞑ tjptj quanarlьq nərse. Maƣan bekerge kөrsetpegensjꞑ, bjraq, fizika aspaptarьnьꞑ vintjn sьвьр alƣanьꞑ adam сьdamaitьn qьlьq. Bjz çaꞑa mektep salu ycjn kerektj nərsenj byldjrmeimjz ƣoi,—dedj Klokov. Ol, osь sөzjn ylken senjmmen qattьraq aittь.—Būl esjnde bolsьn, sondьqtan erteꞑ vinttj ornьna aparьр qoi da, sabaƣьꞑ bjtken soꞑ modeljꞑdj alьр maƣan kel. Ūialma, bjz saƣan kerektj vinttj taba alamьz, ondai vinttj fizika aspaptarьnan da jzdep taba almaisьꞑ, çarai ma?

Aitqanьndai-aq, erteꞑjnde Petr Alfimov vinttj ornьna ƣoidь da, modeljn alьр Klokovqa k ldj. Olardьꞑ ne çaiьnda sөile: ;enjn kjm bjlsjn, əiteujr osь kezdesuden keijn, avio-modelisterdjn kruçogь ūiьmdastьrьldь, onь basqaratьn VII klastьꞑ oqucьsь Petr Alfimov, degen qabar mektepke çaiьldь.

III.

Oida çoqtan bjr suьq qabar bykjl qalaƣa taradь, ekj kjsjnjꞑ basь qosьlsa-aq qalaƣa taraƣan çaꞑa qabardь өzderjnce topcьlap bjreuj jrep, bjreuj soiьр çattь. Kei bjreulerj bjr nərseden seskengendei, bjrdeꞑeden kydjktengendei, yreilene kybjrlese sөilestj. Būlardьꞑ sөzjnen bjr-aq nərsenj aꞑƣaruƣa bolatьn edj. Ol: qalaƣa basmacьlar kele çatьr, onь basqarƣan xan bolmasa da, bjr dəu desedj.

Çoƣarƣь klastьꞑ oqucьlarь yidjyijne taraƣan kezde, kecke taman direktordьꞑ kabinetjndegj telefon сьldьr ettj.

Trubkanь ūstai aldь. Caqьrƣan soƣьs komissariatь eken. Klokovtь dereu soƣьs komissarьnьꞑ qaramaƣьna keluge būiьrƣanьn estjp boldь da, əskerce:—est,—dep ornьnan tūrdь.

Ol, soƣьs komissariatьnan yijne tjptj kec qaittь. Ūiьqtap çatqan ūlьn oiatpaudь oilap, yijne kjrgende dьвьsьn bjldjrmeuge tьrьstь da, əieljne—menjꞑ kerektj zattarьmdь tezjrek daiarla,—dedj kele-aq.

Əielj sasqalaqtap qaida baratьndьƣьn sūraƣan da:

— Saƣatsьzdьqtь çoiu ūmьsь çaiьnda Əulie-Ataƣa baram,—dep çauap berdj.

Klokovtьꞑ өmjrjnde əieljn aldaƣanь osь. Өitkenj, soƣьs komissariatьnan alƣan būirьqtь kjmge bolsa da aituƣa onьꞑ qaqь çoq edj.

Jlezde-aq taꞑ da attь, Klokov besjkte çatqan ūlьnьꞑ betjn syiuge ьꞑƣailanƣan kezde, acьq kyꞑnjꞑ altьn səulesj terezeden sьƣalap yidjꞑ jcjn nūrlandьra tysken edj. Aleksei oianbadь. Klokov onьꞑ nəzjk erjnjnen bjr өptj de, əskerce basьр yiden сьqtь. Ol, өzjnjꞑ qacan qaitatьnьn bjlgen çoq.

Ol, ecqandai qorqьnьctan çasqanьр, jmenbesten çyrjp kettj. Өitkenj, ol bolcevik edj.



Alma-Atanьꞑ oqu qūraldarьn satatьn magazjnjnde.

## IV.

Zəuljm tau. Cьꞑ qūz. Onь ɵrlei ʙjtken çjꞑjcke çol. Ekj çaƣь qalьꞑ qoinau. Ras ʙolsa, ʙasmacьlardьꞑ kəzjrgj mekenj osь çasьrьn, tūiьq cat... Osьƣan çaqьn çerde yreij qacqan qьstaqtaƣь elden oꞑacaƣa, qacьqqa çeke cьqqan adamdь az kezdestjresjz. Alda-çalda aulaqtan ūcьrasatьn adam ʙolsa, onь ʙandьlar tonap aladь, ne atьp tastaidь.

Bɵten kjsj kɵrse-aq, yidj-yijne tьƣьlatьn aul adamdarь kommunisterdjꞑ otrədjmen jlezde-aq ʙjrgjp, cyijrkelesjp kettj. Otrəd razvedkaƣa cьqtь, onь Klokov ʙasqardь.

Mylgjgen tau, qalьꞑ qar, soqpaqsьz çol. Mūnьꞑ ɵzj ʙūl çerdjꞑ, ʙūl taudьꞑ oilь-cūꞑqьrьn ʙjlmegen adamnьꞑ çorьqqa cьqqanьnda, ʙɵgeu tərjzdj ʙoldь.

... Kele çatqandar kjlt toqtai qaldь. Alьstan ʙjr qaranьꞑ çotasь ʙaiqaldь. Kjm eken? Dos pa, qas pa? Baiqap ʙasьp, ʙaqьlap edj, mola tərjzdj eskj yi. Maꞑaiьnda qьʙьrlaƣan çan çoq siaqtь... Olar çaqьndai tystj. Yidjꞑ jcjnen ʙjreu qarƣьp cьqtь da, omʙь qarƣa ʙjr syrjnjp alьp malaqaiьn qolьna ūstap:

— Mūnda, mūnda, ʙjz Sozaqtanʙьz, sovet azamatьmьz dep aiƣailadь.



Yidjꞑ jcjnen ʙjreu qarƣьp cьqtь da malaqaiьn qolьna ūstap aiƣai saldь.

Klokov atьn teʙjnjp alƣa ūmtьldь, yige kjruge ьꞑƣailandь... Çaꞑaƣь adam cyijncj sūraitьndai-aq, quanƣan qalьpta əlj aiqailap çyr. Kenetten yi çaqtan mьltьq atьldь. Klokov ūcьp tystj. Astьndaƣь atь oiqastap cьƣa ʙerdj. Klokovtьꞑ çoldastarь qacьƣьraq çerde tūrƣan ʙolatьn. Klokov ʙasьn kɵtere ʙerjp edj, çaꞑaƣь daustap çyrgen adam atьlьp kep ʙas saldь. Klokov endj tysjndj. Çau eken. Qap! Alьsa tystj. Çaralь er onь alьp soqtь da, ʙasьp saldь. Өldj. Braunigtjꞑ dausьn estjgen ʙasmacьlar yiden dyrkjrei cьqtь da, qalai-ʙolsa solai ata ʙastadь. Klokov yc kjsjnj qūlattь. Būl kezde Klokovtьꞑ çoldastarь da çaumen aiqasqan edj.

Klokov calqalai çьƣьldь. Ne ʙolƣanьn ʙjlmedj. Qūlaƣь tek ʙjr ьzьꞑdь ƣana estitjn siaqtь. Kɵzj ectenenj de kɵrgen çoq. Tek ɵmjrjnjꞑ aqьrƣь sekundjnde, ças nərestesj Alekseidj esjne tysjrdj...

Bandittar qьzьl əskerlerdjꞑ dympujne cьdai almai yreilenjp tьmtьraqai qaca çɵneldj. Bjzdjn çaungerler olardь ūstap aldь.

Bɵljm komandirj sūlap çatqan Klokovtьꞑ çanьna keldj de, qanƣa ʙoialьp qatьp qalƣan sьrt kɵilegjnjꞑ tɵs qaltasьndaƣь knjçkenj alьp actь da:

— Part ʙilet. Klokov Vasili Fedorovic,— dep daustap oqьdь... Sol kezde, onь qorcap, mūꞑaiƣandai qьzьl əskerler tūr edj.

Erteꞑjnde Belinski atьndaƣь mekteptjꞑ oqucьlarь ɵzderjnjꞑ syijktj dosь, mektep direktorь—çalьndь çaunger Klokovtьꞑ syiegjn qalanьꞑ cetjndegj ziratqa aparьstь.

## V.

...Ol, konverttjꞑ sьrtьna mьnanь çazdь:

Məskeu. Kreml.

Otan Qorƣau Qalq Komissarь—

K. E. Vorocilovqa.

Stalincjl narkomge çazƣan qatьnda, Alekseidjꞑ kərj anasь, ɵzjnjꞑ çalƣьz ūlьn əskeri mektepke aluƣa rūxsat ʙerujn sūraƣan.

Məskeuden jlezde-aq çauap keldj.

Qalq Komissarьnьꞑ ɵzj, əskeri mektepke Alekseidj aluƣa ʙūirьq ʙergenjn aitьp qat çazƣan.

Narkomnьꞑ çьlь, qonьmdь çana çjger ʙeretjn qatьn oqьƣanda qart ananьꞑ kɵzjnen ças tamcьlap kettj.

Ūlьnьꞑ er çetjp, endj əskeri mektepke ʙaruƣa çaraƣanь ana ycjn ʙaqьt, ana ycjn quanьc, ana ycjn maqtanьc edj.

Yc kynnen soꞑ qart ana ʙalasьn attandьrƣalь otьrьp:

— Əkeꞑjꞑ qanь ycjn, ʙjzdjꞑ adamdarьmьzdьꞑ tɵgjlgen qanь ycjn çaulardan oꞑdap tūrьp kegjꞑdj alatьndьƣьn, Alekseijm esjꞑde ʙolsьn!

Vokzalda poezƣa mjngelj tūrьp, ol anasьna qasiettj, ʙūzьlmaitьn, ardaqtь antьn ʙerdj:

— Men ɵzjmnjꞑ əkemdei tabandь, erçyrek ʙatьr ʙolьp ɵsemjn, ardaqtь ana, çaularƣa meirjmsjz ʙolamьn!

*ƏBJLOV DIXAN*

# K I E V

Astanasь Ukrainanьꞑ
Qaita tuƣan, ʙaqьt tapqan.
Kiev ycjn, otan ycjn,
Talai erler qaza tapqan.

Bygjngj kyn Kiev nūrlь,
Kiev zəuljm aspan qapqan.
Dnepjrden million tarau,
Qala ainala ʙūlaq aqqan.

Dnepjrdjꞑ suь ʙəlzəm,
Suь gausar tolqьndatqan.
Suьn jcken analarь,
Batьr etjp ūldar tapqan.

Kyn kelʙettj Kiev zəuljm,
Catьrlarьn kyn çalatqan.
Ças çapьraqtь çasьl terek,
Aq qaiьꞑdar çerdj çapqan.

Qalqь çarqьn, cat didarlь,
Qainap çatqan өmjr qьzьq.
Sol cattьqqa aralasьp,
Men de çyrmjn erkjn çyzjp.

— Ukrainanьꞑ astanasь,
Amansьz ʙa,—dedjm—Kiev!
Çan raqatь saiasьndai,
Çainai tystj nūr qūiьlьp.

Qaz ʙen tauьq etjn ʙerjp
Qonaqtarьn silap çattь.
Qazaq ūlь Dnepjrdjꞑ,
Baldai təttj suьn tattь.

Sytjn jcjp maldarьnьn,
Dəm tūzьna toidьm, qandьm.
Kec ʙolƣanda çūpar əue
Seʙujn-ai ʙaqcalardьꞑ!.

Qarap tūrsam Dnepjrge,
Tyngj kecte ʙijk çardan.
Køk çūldьzь su tyʙjnen,
Kөrjnedj ʙeine marçan.

Mjne, qaiьq zu-zu aƣьp,
Çiekke de keljp qalƣan.
Өzen ystj toilь topьr,
Eꞑʙek ənj tolqьndalƣan.

Pristannan poroxodtar,
Çьlçьp aƣьp çөneledj.
Poroxodtan ʙudaqtaƣan,
Betke çьlь ʙu keledj.

Elektrdjꞑ səulesjmen,
Caƣьlьsqan tolqьn çainaq.
Su ystjnde sūlu өmjr,
Aidь eskendei өzjne aiƣaq.

Tьnьq kecte suda çyzgen,
Syiem sovet poroxodьn.
Syiem çyrek çьrьmmenen,
Syiem onьꞑ çanƣan otьn.

Su ʙetjnde çьlt-çьlt etken,
Su fanarь camdь syiem.
Sudь tynde çarьq etken,
Çazƣь altьn taꞑdь syiem.

Tьnьq kecte qaimaqcьƣan,
Tūnьq sudьꞑ syiem ʙetjn.
Kapitannьꞑ dausь oinatqan,
En өzennjꞑ ekj cetjn.

— Dnepjrdjꞑ suь arnalƣan,
Bjzdjꞑ otan kemesjne.
Kyzetemjn, tigjzʙeimjn,
Çau kemesjn denesjne.

Keme tūrsьn atьnьꞑ da,
Auzdьƣьn aldьrtpaimьn.
Cөʙjmnen de, suьmnan da,
Tattьrmaiьm, caldьrtpaimьn.

Samolөtjn attatpaimьn,
Altьn aspan-kөgjmnen de,
Soqtьqqandь soqtalaimьn,
Өz çerjnde, өz kөgjnde,—

Degen өtkjr oqtai sөzdj,
Patriot aittь ūl-qьz.

Kyzette çyr kyndjz, ynj,
Er çaraqtь—qьzьl çūldьz.

Kөrdjm taƣь talai qьzьq,
Tauьsa almaspьn aitьp ʙərjn,
Kөrdjm kino, teatrdan,
Ccors, Baƣdan ʙatьrlarьn.

Kөrdjm kyres erlerjnjꞑ,
Taꞑdь qoldan atьrƣanьn.
Eskj өmjrdj kyl-talqan qьp,
Qaracьƣьn ʙatьrƣanьn.

Nūr kelʙettj erkjn өsken,
Kөrdjm mektep ʙalalarьn.
Çaidarman çyz ūl men qьzdьꞑ,
Meijrjmdj analarьn.

Aqьn Taras kөzʙen kөrse,
Ukraina gyldj өmjrjn.
Qalqь tjrj, aspandatьp,—
Ardaqtaidь Taras ynjn.

— Cьn ʙaqьttьꞑ ordasьna,
Ainalƣan eken—dedjm.
— Qūttь ʙolsьn Ukraina!
Dnepjr, Kiev mekenderjꞑ.

Ylkenj:—„jnjm“!, kjcjsj:—„aƣai“!—
Dep ədeppen kyljmdeidj.
— Baqьt, cattьq өmjr ʙergen,
Ūlь Stalin kynjm deidj.

1939 çьl, 5-mai. Kiev.



Osь çьldьꞑ çazьnda Alma-Ata qalasьnda pionerler men mektep oqucьlarьnьꞑ otan qorƣau çөnjnde respuʙlikalьq çarьsь ʙoldь. Mьltьq atuda ʙjrjncj orьndь Cьƣьs Qazaqьstan oʙlьsьnan kelgen mergender aldь.
Surettegj: Soldan oꞑƣa qarai (Kovolev A., Vinogradov V., Xoroxorin E., Rulev B.

# ADAM QAIDAN CЬQQAN.

(Çalƣasь. Basь ɵtken sanda)

Qasьnьꞑ ystjndegj ijlgen doƣa tərjzdj ʙelgjler ʙūl zattь kəzjrgj zamandaƣь maimьldarƣa çaqьndatadь. Ortan çjljgjnjꞑ onca ijlmegendjgj sol ɵmjr syrgen qaiuannьꞑ tjk çyre alatьndьƣьn kɵrsetedj. Sɵitjp, adamƣa ūqsas maimьl men adamnьꞑ aralьƣьnda azƣantai ʙelgjler ʙar formalardьꞑ ʙolƣanьn ʙjlemjz. Būl „tjk çyretjn maimьl adam“ dep ataladь.

Būl taʙьlƣan zat eꞑ alƣac taʙьlƣan kezde sirek ūcьraitьn zat ʙolƣandьqtan kydjk tuƣьzьp çyrdj, ʙjraq keijngj uaqьttarda taʙьlƣan materialdar ʙūl zattьꞑ kɵʙjrek ʙolƣandьƣьn dəleldedj.

Çuьrda ƣana, 1927-1929 çьldarь Qьtaidьꞑ Beipin (Pekin) deitjn qalasьnьꞑ qasьnan pitekantropus erektūsqa („tjk çyretjn maimьl adam“) çaqьn ʙasqa ʙjr ūqsas formanьꞑ ʙolƣandarьnan ʙjrqьdьru qaldьqtar taʙьldь. Būl forma „Qьtailьq adam“ dep nemese „Sinantrop“ dep ataladь. Sinantropanьꞑ ʙas syiegjnjꞑ keꞑdjgj pitekantropanьꞑ ʙas syiegjnen de ylken (900-1050 kuʙ. santimetrge deijn) ʙolqan, ʙjraq sɵitkenmen de kəzjrgj zamandaƣь adamdardьꞑ ʙas syiegjnen əçep təujr kem. Ƣьlьmdardьꞑ ūcь-qiьrь çoq qazʙalarьnan taʙьlƣan „Qьtailьq adamdar“—dьꞑ sanь qьrьqtan asadь. Sɵitjp, pitekantrops pen sinantroptьꞑ erekce çeke ʙjr nьsanalь çandьq emes ekendjgj, maimьl siaqtь çandьqtьꞑ adamƣa ainaludaƣь damu ʙarьsьnda ʙelgjlj ʙjr etapta ʙolьp zaꞑdьlьqpen ɵmjr syrgendjgjn dəleldeidj.



Eꞑʙekke ikemdele ʙastaƣan maimьl.
Professor Kellerdjꞑ təçriʙesj.

### ADAMNЬꞐ CЬQQAN TEGJNDEGJ EꞐBEKTJꞐ RƟLJ

Marksizmnjꞑ negjzjn salucьlardьꞑ ʙjrj F. Engels ɵzjnjꞑ „Maimьldardьꞑ adam qalpьna ainaluьndaqь eꞑʙektjꞑ rɵlj“—degen eꞑʙegjnde erte zamandaƣь adamnьꞑ alƣacqь formalarьnьꞑ kɵrjne ʙastaƣan protsesjn ʙjluge tijs ʙolƣan ʙelgjlerdjꞑ carttarьn kɵrsettj.

Būl carttar eꞑ aldьmen mьnalar:

1. Maimьlƣa ūqsas tekterdjꞑ toƣailь çerlerden toƣaisьz çerlerge сьƣьp, çan-çaqqa tarap ketujne ʙailanьstь tjkeden tjk çyru qalpьna kɵcuj.

2. Tjkesjnen tjk çyru qalpьna çetumen ʙailanьstь çerdj ʙasьp çyru de tjrek ʙoludan qalƣan, aldьꞑƣь ekj aiaqьnьꞑ ʙosauь. Sɵitjp, ekj aiaqьn endj ūstaitьn myce etjp paidalanudьꞑ mymkjndjgjnjꞑ tuūuь.

3. Aldьꞑƣь ekj aiaqьn eꞑʙek mycesj retjnde paidalanu daƣdьsьnьꞑ damuь.

4. Ɵsjmdjk tamaqtardan aralas tamaqtarƣa, — ɵsjmdjk tamaqpen qatar əsjrese — et tamaqьn çeucjljk xalge çetuj.

Adamdь çaratqan negjzgj faktor eꞑʙek. Maimьldar da eꞑʙek qūralь retjnde ər tyrlj zattardь paidalandь, ʙjraq, xaiuanattar əlemjnjꞑ arasьnda eꞑʙek qūralьn paidalanьp qana qoimai, tas dəujrjnjꞑ ʙaltasь men macinasьn taqь sol siaqtь qiьn qūraldardь çasaucь tek adam ƣana ʙoldь.

Maimьldьꞑ adamƣa ainalu protsesjndegj eꞑʙektjꞑ rɵlj turalь Engelstjꞑ qortьndьlarьna syiene keljp kəzjrgj zamandaƣь adamƣa ūqsas maimьldardьꞑ az da ʙolsa eꞑʙekke, çana çaʙaiь qalьpta ʙolsa da qūraldь paidalanuƣa ikemj ʙarlьƣьna qaraƣanda, tjptj eꞑʙek qūralьnьꞑ çaʙaiь formasьn çasai aluь da mymkjn dep aituƣa əbden ʙoladь.

Engelstjꞑ zamanьnda ʙūƣan təçriʙe çyzjndegj naqtьlь dəleldemeler ʙolƣan çoq, alaida, Engelstjꞑ danьcpandьq ʙolçauь ƣьlьmnьꞑ odan ʙьlaiƣь damuьnan da asьp tysjp otьr.

Tjptj çuьrda ƣana professor Keller, Engelstjꞑ qortьndьlarьn rastaitьn tamaca təçriʙeler çasadь. Keller ekj maimьldь oꞑaca çerge ornalastьradь. Būnьꞑ tamaƣьn — cəpterdj, çemjsterdj ʙijkke jljp qoiadь; maimьl oƣan sekruge məçʙūr ʙoladь. Professor Keller jlulj tūrƣan çemjstj çoƣarь ketere-ketere maimьldardь neƣūrьm ʙijkke kɵterjludjꞑ mymkjndjgjn qarastьrarlьq çaƣdaiƣa ducar etedj. Maimьldar qasьndaƣь çeke tūrƣan çəcjkterdj alьp keljp ʙjrjnjꞑ ystjne ʙjrjn qoiьp, çəcjktjꞑ ystjne сьƣьp çemjske ūmtьladь.

Maimьldarƣa ūzьn taiaqtar ʙergen uaqьtta, maimьldar onь çoƣarьdaƣь jlulj tūrƣan çemjstj çerge tysjretjn qūral retjnde paidalanudь tez yirengen.

Sɵitjp, maimьldar eꞑʙek qūralь retjnde ərʙjr zattardь paidalana ʙjledj.

Maimьldar qūral çasai ala ma?

Professor Keller maimьldarƣa ʙjrnece qьsqa taiaqtar ʙeredj. Taiaqtardьꞑ ərqaisьsь maimьldardьꞑ çoƣarьdaƣь jlulj tūrƣan çemjsterdj alьna çetpeitjn qьsqa ʙoladь, ʙjraq kəzdegen maqsatqa çetu ycjn ʙjr taiaqqa ekjncj taiaqtь çalƣau arqьlь neƣūrьm ūzьn, çetkjljktj taiaq çasauьna mymkjndjk ʙoladь.

Ərine, ʙūl ʙjzce tjptj oꞑai nərse, al ʙaqьlauda tūrƣan ekj maimьldьꞑ ʙjreujnjn ƣana cecujne ʙolatьn siaqtь. Bjr taiaqtь ekjncj taiaq-



Orang-uangtьŋ basь. (Məskeu zooparkj).

qa əldenece ret çalqap, onьmen oinap otьrьp cimpanze kytpegen çerden çjŋjcke cьвьqtь çuantьqtau cьвьqqa cancьp çalqai qoiadь, səitjp çoqarьdaqь jlulj tūrqan çemjsterdj qaqьp çerge tysjru ycjn qaçet bolqan neqūrlьm yilesjmdj, neqūrlьm ūzьn qūral „çasaidь". Bjraq, ədette maimьldar çeke predmet retjnde paidalanatьn qūral çasamaidь.

Maimьldardьŋ damuь turalь məselemen cūqьldanьp çyrgen qьlьmdardan çana basqa da əlde nece zertteulerden Engelstjŋ eŋbektjŋ rəlj turalь qьlьmь tamaca dəlelder tauьp otьr. Qaljmder, bjrnece qazbalar qazdь. Qazbalardan tabьlqandardьŋ nətiçesj neqūrlьm kecjrek cьqqan formanьŋ adamqa kəcken tyrlerj eŋbekke ikemdjljktjŋ ərbjr dəreçesjn meŋgergendjkterjn kərsettj. Qazqan çerlerjnjŋ maŋьnan kyigen syiekter, kylder, qolamtalar çana basqa da qaldьqtar tabьlqan. Būnьŋ bərj sinantroptьŋ ot saqtai bjlgendjgjn, mymkjn ottь taratqandьqьn da dəleldeidj. Onьŋ toqьraqan çerlerjnjŋ maŋьnan nemese sonьŋ tūrqan çerlerjnen 1932 çьl qūraldьŋ eŋ çabaiь tyrj çan-çaqь qьrlanьp yckjrlengen tastar, syiekter tabьldь. Būl qūraldar kei kezderde çabaiь balqa, taraq, tjptj pьcaq retjnde de paidalanьlqan.

Pitekantrop toqьraqan çerlerdjŋ maŋьnda būl siaqtь qazba nərseler tabьlqan çoq. Qьlьm osьnь negjzge ala otьrьp pitekantrop pen sinantroptьŋ bas syiekterjnjŋ çana çalpь syiekterjnjŋ sol tərjzdj dene qūrьlьstarьnьŋ ūqsastьqьna qaramaqannьŋ əzjnde de būlarda, adam tegjnjŋ damu dəujrlerjnde bjr jz, bjr qalьptьlьq bolqan siaqtь dep sanaidь.

Būl dəujrlerdjŋ bjr-birjnen aiьrmasь eŋ aldьmen olardьŋ qūraldь paidalanudaqь, ottь paidalanudaqь eŋbek qūralьn çasauda ikemjnjŋ damьqandьqьnda boldь.

Tərjzj, pitekantroptan gərj sinantrop damudьŋ neqūrlьm çoqarqь satьsьnda tūrqan siaqtь.

Osь aitьlqan formamen qabat çer carьnьŋ qьrtьstarьnьŋ ərçerjnen bjzdjŋ tegjmjzdjŋ əldenece qaldьqtarь tabьldь. Əsjrese būlardьŋ skeletterjnjŋ bas syiekterjnjŋ qūrьlьstarь taqь basqalarьnьŋ nūsqalarь adamnьŋ alqacqь, çabaiь tyrlerjnjŋ bolqandьqьn anьqtauqa mymkjndjk berjp otьr. Būqan eŋ aldьmen Geidelberg adamь dep atalatьn Geidelberg qalasьna çaqьn çerlerden eŋ alqac tabьlqan adamnьŋ bas syiegjnjŋ qaldьqь çana Neandertal adamь dep atalatьn formanьŋ qaldьqtarь çana basqalar çatadь. Adamnьŋ alqacqь osь tyrlerjnjŋ bərj de tas qarularmen de paidalanqan. Sondьqtan, olar tas zamanь deitjn zamanqa da bailanьsьp çatadь.

Tjptj, bertjnjrekte kərjngen formalardьŋ keide tjptj kəzjrgj zamandaqь adamnьŋ bas syiegj men skelet qūrьlьsьna teŋbe-teŋ tətence çaqьn keletjn əçeptəujr ūqsastьqь bolьp otьr.

Səitjp, adamdardьŋ qazьp alьnqan tyrljce qaldьqtarьn zerttei kele ondaqan, çyzdegn, mьŋdaqan çьldar jcjnde adam formasьnda



Pitekantropustьŋ (adam bəinelj maimьl) bas qūrьlьsь.

evolutsialьq əzgerjstjŋ bjrte-bjrte bolqandьqьna kəz çetkjzuge boladь. Adam maimьl tərjzdj xaiuanattar tegjnen barqan sa[illegible]n bəlektele-bəlektele kəzjrgj zama[illegible] daqь adamqa ūqsai bergen.

Olai bolsa, djnnjŋ dəleldeuge tьrьsьp çyrge catpaqь, — qūdaitaqalanьŋ əmjrj boiьnca adam balasь kenetten çarala qaldь, deitjnj qaisь endj?

## FACISTJK ÇALQAN TEORIALARDЬ QЬLЬM TERJSKE CЬQARЬP OTЬR.

Qьlьm, djni oqьnьstьlardьŋ ətjrjgjn əckereleumen qatar, facist nadandarьnьŋ catpaq „teorialarьn" da əckerelep otьr. Nemjs pen italia facisterj adam balasьnьŋ biologialьq əzgeceljkterjnde, bas syiekterjnde, skelet qūrьlьstarь, taqь basqalarьnda bjr-bjrjnen aiьrmasь bar çana çoqarqь, təmengj rasalar (nəsjl) bar dep dəleldeuge tьrьsadь. Əzderjnjŋ taptьq myddesj ycjn „rasalьq teorianь" qorqaidь. Osьdan barьp facister „əleumettjk — baqasь kem" elementterdj zorlьqpen mygedek etudjŋ (bala taptьru ikemdjgjn çoiu) qaçettjgj keljp cьqadь, deidj çana təmengj rasanь çoqarqь rasalar iaqni naqьz taza qandь arits-facist bolqandar tarapьnan qūldanucьlьqtьŋ boluь qaçettj çaqdai, dep dəleldeidj. Alaida, basqa ūlttardьŋ qalqtarьnda bolqan atabizmder (nьsanalьlьq) „aritster" men „taza qandь" nemjster, dep atalatьndardьŋ arasьnan da kərjnjp otьr. Germanianьŋ bjrnece muzei, universitetterjnde nemjsterdjŋ denesjnen alьnqan cūbatьlqan soqьr jcekterdjŋ kərjnjsterj saqtalьp keledj. Professor Gekkel — tuьsь nemjs — əzjnjŋ çazqan kjtabьnda qūiьrcьq omьrtqasь taqь basqalarь əskeleŋ bjtken nemjsterdjŋ sygretjn keltjrdj. Sol siaqtь professor Gunter de əzjnjŋ eŋbegjnde keibjr syt emgen təmengj sapadaqь xaiuanattar siaqtь keudesjnde qosьmca syt emcegj bar nemjs erkekterjnjŋ de suretjn çarialap cьqardь. Adamnьŋ, xaiuanattardьŋ əzgeceljkterjne ūqsas sol əsjp çetjlmegen myceljerj men sol belgjlerj, aitalьq, avstrialьqtar men basqa qalqtardan da kezdesjp otьrqan bolsa, onь ecqandai qinalmai-aq nemjsterden de, italialьqtardan da, taqь basqalardan da kezdestjruge boladь. facister, rasalardьŋ dene qūrьlьstarь-

ньн nəticesjnde aibrmacbльq вar, dep çoqarqь çana temengj rasalar turalь, qььlьmi çaqьnan dəleldenвegen, etjrjk teorialar cьqaruь aiqьn.

„Rasalьq teoria" nemjs facisterjne ezderjnjn ваsьp alu saiasatьn aqtau ycjn çana revolutsiacьl çūmьscьlarmen kyresu ycjn kerek; eitkenj, facister ərвjr revolutsionerlerdj arits emes dep çarialauqa tьrsadь da, olarqa facistjk ektemdjktjn kycterjn qoldanadь.

Qьlьm, adamnьn damu çoldarьn çana maimьl tərjzdj tekterdjn adamqa ainalu çoldarьn kersete keljp, çoqarqь çana temengj rasalar вar deucjljk turalь „teorialar"dьn вərjn de qattь sьnap keledj. Adam adamdьq qalьpqa kelgennen keijn qana, tek вiologialьq zandьlьqqa вaqьnucь xaiuanattьqtan cьqqannan keijn qana, qoqamdanqan emjr syrucj воlьp, sez darьnьn mengergennen keijn damьqan sezjmj воlьp çana əleumettjk qarьm-qatьnas fazasьna tyskennen keijn mjne, osьlardьn вərjnen keijn qana adam qoqamь zandьlьqtьn çana negjzjmen, Karl Marks pen Fridrix Engelstjn acqan əleumettjk zandьlьqьmen progresstjk çolqa tystj, dep kersetjp otьr.

Audarqan: *Moldaqacev Qaвьc.*



Çemjs konservj komвinatьnьn (Alma-Ata) oqucьlarь ezderjnjn вaqcasьndaqь pjsken çemjsterdj qarap çyrgen kezj.
(QazTagtьn fotoxronikasь)

*IOGANNES BEXER*
*(Nemjstjn proletariat aqьnь)*

## *ESTJLGEN YN TURALЬ TYS*

Tys kerdjm: вjr ylken alanda ken
Θzjmnen ezge çan çoq tūr ekem men.
Ьmdasqanda çūldьzdar kekte ergen.
Seilesem Germania — tuqan elmen.

Dausьm alьsqa erlep ūmtьladь
Qūiьlad sezjm çьrdai ritmalь
Ūrandaimьn alьsqa, çaqьnqa da:
«Oianьndar, çoldastar ūiqьdaqь!»

Seilesemjn Reine, Miunxendermen
Cartarapqa yn keted keterjlgen,
Artьnca yn cьqadь ərвjr tūstan,
Alamьn çauap: «ESTJP tūrmьz!» — degen.

Tynde, tyngj alqap ta, çūldьzdar da
Qoctap вjrge əndeted, qalmaidь kein.

Orьscadan audarqan: Saqьnqalі.

---

*ILIA KOLCIN*

## *BALЬQCЬ*

Bjz ваlьqcь вalalar,
Sərjden вaramьz ezenge.
Tolqidь meldjr su qarsь alьp,
Quanьc cattьqta ezende.

Tanqь aua sergjtjp воiьmьzdь,
Çel oinap sьldьrlap qamьspen.
Capaqь qūlpьrtьp su вetjn,
Ūialьp qaraidь kyn вjzden.

Çiekke kez salsaq, keremjz,
Kep adam dem ala kelgenjn.
Estimjz cьrqaita salьnqan
Kenjldj вalьqcь ənderjn.

Alma-ata qalasь.

# Tyie, arьstan, qasqьr, tylkj çana ʙɵdene

Bjr tylkj çorьp kele çatьp, qaꞑƣьp ʙara çatƣan ʙjr tyiege kezdesedj. „Tyiem, tyiem, qaida ʙarasьꞑ?“ — deidj.

Tyie: „otь mol, suь mol çer jzdep ʙaramьn“ — deidj.

Tylkj: „endece ekeumjz çoldas ʙolaiьq“ — deidj.

Tyie: „ʙolsaq ʙolaiьq“ — deidj.

Ekeuj kele çatsa, ʙjr qasqьr keljp çolьƣadь.

— „E, qaida ʙarasьꞑdar“ — deidj.

Būlar: „otь mol, suь mol çer jzdep ʙaramьz“—deidj.

Qasqьr: „endece, yceumjz çoldas ʙolaiьq!“ — deidj.

Yceuj çoldas ʙolьp, çyrjp kele çatsa, ʙjr arьstan keljp kezdesedj.

— Yceuj: „otь mol, suь mol çer jzdep ʙaramьz“ — deidj.

Arьstan: „endece, tɵrteumjz çoldas ʙolaiьq“ — deidj.

Tɵrteuj çyrjp otьrьp, ʙjr ɵzen sulь, ʙijk taulь çerdj tauьp meken qьlьp çyredj. Arьstan, qasqьr, tylkj uaq aꞑ, tьcqan aulap çep çyredj. Tyie çerdjꞑ otь men suьna çardai ʙolьp semjredj. Qьs ʙolьp, uaq aꞑ tausьlьp arьstan, qasqьr, tylkj yceuj acьƣadь. Kɵzderjne tyieden ʙasqa jcteꞑe kɵrjnʙei, tyienj çemek ʙoladь. Tyie çoldastьƣьn aitьp çьlaidь. Sonan soꞑ tyiege ʙjr az timei çyrjp tjptj əʙden acьqqan soꞑ arьstan, qasqьr, tylkj yceuj aqьldasьp tyienj çemek ʙolьp tyiemen sɵilesuge tylkjnj çjʙeredj.

Tylkj, tyiege keljp aitadь:

— Qьs ʙolsa mьnau, çerdegj cɵptjꞑ ʙərjn aq qarmen çauьp, yskjrjgen soƣьp tūr, endj az kynde ʙaiqūs sen actan ɵljp qalasьꞑ ƣoi. Saƣan çanьm acьƣannan ʙjr aqьl aitqalь keldjm, — deidj.

Tyie: „aita ƣoi“ — deidj.

Tylkj: „sen qьs jcjnde ʙyitjp ərj actan, ərj çьlь qoraꞑ çoq suьqtan ɵlgence ɵzjꞑdj ʙjzge sat, çaz cьƣьp, kɵktem tuƣanda senj ʙotalь jngen qьlьp ʙereijk“ — deidj. Qu tylkjnjꞑ sɵzjne aꞑqau tyie kɵnjp „çaraidь“ — deidj.

Tylkj tyiege ʙarьp keljp, arьstan men qasqьrƣa aitadь:

„Tyie ɵzjn satьp ʙeruge kɵndj, ʙjraq, ʙasьmdь oꞑƣa qaratьp soiьp yceujꞑ etjmdj əuelj qьldai qьlьp ʙɵljp alьꞑdar, əitpese, tūrьp qacьp ketem“ — dep aittь deidj.

Ana ekeuj: „oiʙai çaraidь!“ — dep tyiege keledj. Tyiege kelgen soꞑ arьstanƣa tylkj: „ai, areke nege qarap tūrsьz, qimьldaꞑьz“ — deidj. Sonda, arьstan tyienj çerge kɵterjp soqtь, tyienjꞑ moinь sьnьp ɵldj, tylkj tūrьp aittь: „areke, sjz demjꞑjzdj alьp çata tūrьꞑьz, ʙjz mūnьꞑ terjsjn soiьp ʙolƣan soꞑ qaʙar ʙerermjz“ — dedj.



Soiьp ʙoldьꞑdar ma, — dedj arstan.

Arьstan: „sender çep qoiarsьꞑdar“ — dedj.

Tylkj: „oiʙai taqsьr, jz çemeimjz“ — dedj.

Arьstan: „ʙūlai ʙolsa çaqsь“ — dep çattь.

Būl ekeuj soiьp, pьcaq ta çoq, tjsterjmenen terjsjn çьrtьp çatьr. Tylkj tūrьp qasqьrƣa aittь: „ai, qaseke, men ʙɵkse çaƣьn soiaiьn, sjz ʙas çaƣьn soiьꞑьz“ — dedj, qasqьr tyienjꞑ ʙasьnьꞑ — para-parasьn cьƣarьp, terjlerjn çьrtьp, kɵz maiьn cьƣarьp qoidь. Tylkj mūnь kɵrjp qasqьrƣa aittь: „ai, qaseke, sjz ʙɵkse çaƣьn soiьꞑьz, men ʙas çaƣьn soiaiьn“ — dedj. Qasqьr ʙarьp ʙɵksesjn soidь.

Tylkj qasqьrƣa ʙjldjrmei tyienjꞑ kɵz maiьn çedj. Çana tylkj qasqьrƣa: „sjz aldьꞑƣь aiaƣьn soiьꞑьz, men art çaƣьna ʙaraiьn“ — dedj, qasqьr aldьna aldanьp çatqanda, tylkj jc maiьn suьrьp çep qoidь. Taƣь qasqьrƣa: „sjz soia tūrьꞑьz, men çygjrjp arekeꞑe ʙarьp keleijn, naƣьp çatьr eken“ — dep çygjrjp kettj.

Arьstan mūnь kɵrjp çatqan ornьnan tyregeljp — „soiьp ʙoldьꞑdar ma“, — dedj.

Tylkj aittь: „soiьp ʙoldьq, ʙjraq men ʙjr nərseden qorqьp keldjm“ — deidj: arьstan — neden? — dep sūradь. Tylkj aittь: „qasqьr, aitqan cartta tūrmai tyienjꞑ kɵz maiь men jc maiьn çep qoidь, men osьnь sjzge aitaiьn dep keljp edjm deidj. Arьstan aculanьp aqьrьp qasqьrƣa keldj, qasqьr qorьqqanьnan qaca çɵneldj. Arьstan quьp kettj, ʙjr qьrdan qasqьr men arьstan asьp kɵrjnʙei ketkende, tylkj tyienjꞑ ʙar etjn ʙjr cūqьrƣa syirelep aparьp kɵmjp qoidь. Өzj arьstannьꞑ artьnan çygjrjp kete ʙerdj. Arьstan qasqьrdь qualap carcap kele çatsa, tylkj oƣan qarsь çolьqtь.

Arьstan tylkjge aittь: „qaida ʙarasьn“?

Tylkj aittь: „qasqьrdьꞑ kesjrj ʙərjmjzge tidj“, — dedj.

Arьstan aittь: „nege“?

Tylkj aittь: „sender ketkensoꞑ tyie tyregeljp, men senderge satьlmaimьn, mьna qalьptarьꞑnan tyʙjnde menj tɵlemeidj ekensjꞑder, dep terjsjn çalʙьratьp, jcegjn cūʙaltьp ketjp qaldь“, — dedj.

Arьstan: „qai çaqqa qarai kettj?“ — dep sūradь.

Tylkj: „osь qьrdan asьp kettj“ — dedj.

Arьstan: „qap!“ — dep tyienjꞑ çolьna tysjp quьp kete ʙerdj. Tylkj tamaƣьn toidьrьp alьp kele çatsa, ʙjr çerde qasqьr carcap, entjgjp çatьr eken, tylkj qasьna çetjp keldj.

Qasqьr tylkjge ūrьstь: „menj arьstanƣa caƣьstьrьp çyrgen sen“ — dep. Tylkj: „menj de quьp çjʙerdj, menj kjm caƣьstьrdь?“ — dedj. Qasqьr ʙūƣan nanьp, endj qaida ʙarьp tūramьz? — dedj. Tylkj: — „çyre ʙersek, ʙjr nərse taʙamьz“ — dedj.

Sɵitjp, ekeuj kele çatsa, aldьnda ʙjr çartь qūirьq çatьr, qasqьr mūnьꞑ ʙjr pəlesj ʙar cьƣar dep çeijn dese qorьqtь, tylkj aittь — sen qorьqsaꞑ ɵzjm çeijn, ʙygjn ʙazar, mūnьꞑ ne pəlesj ʙar deisjꞑ, çūrt ʙazarƣa ʙarƣanda qūirьq arzan ʙolƣan da, arzan qūirьqtь kɵʙjrek alƣan, ol yijne cauьp ʙara çatqanda qançьƣasьna ʙos ʙailap, tysjp qalƣan, — dep tylkj ɵzj çeijn dep qulьqpenen ūmtьlƣanda, qasqьr — ɵzjm çeimjn, — dep qūirьqtь asap alsa, astьnda qapqan ʙar eken, ol qapqanƣa qasqьr tystj de qaldь.

Sonda tylkj: „ai, qaseke camasь sjzdjꞑ etjnjzdj çeitjn ʙoldьm ƣoi“, — dedj. Qasqьr: „ne qьlьp çeisjꞑ“? — dedj. Tylkj aittь: „erteꞑ iesj kelse senj kɵrjp, terjꞑdj soiьp alьp, etjꞑdj tastap keter, sonsьn men çemei kjm çeidj“, — dedj. Barьp tylkj ʙjr cūꞑqьrƣa tьƣьlьp çatьr edj, aꞑcь keljp qasqьrdь kɵrjp terjsjn soiьp alьp, etjn tastap kettj. Ol ketkesjn tylkj qasqьrdьꞑ etjn çep toiьp aldь.

Onan qaitьp kele çatьp arьstanƣa kezdesjp qaldь. Tylkj mūnь kɵrjp: „areke qaidan kelesjz“ — dedj.

Arьstan: „men tyienj taʙa almadьm“ — dedj.

Tylkj: „taqsьr, sjzdjꞑ ataꞑьzdь kɵrjp edjm, osь tauda aꞑ aulap çyretjn edj, əlde osь taudьꞑ artьnda cьƣar. Ol aꞑdardь ystjnen ʙasьp alьp çeitūƣьn edj, men sonь kɵrjp tūrucь edjm“, — dedj. Sonda arьstan aittь:

— Qalaica qarƣьp alatьn edj? Maƣan sen kɵrset, men qarƣьp kɵreijn. Tylkj qu aittь: „sjzdjꞑ tūlƣaꞑьz ataꞑnan kem emes“ — dedj. Sonda arьstan keijn cegjnjp ʙarьp çardьꞑ ʙasьna keljp qorqьp tūrdь.

Tylkj: „ai, areke, egerde qarƣi alsaꞑьz, çygjrgen nūsqaꞑьz ataꞑьzƣa ūqsap tūr“ — dedj. Sol uaqьtta çardьꞑ astьna ʙjr kijk keljp qaldь, arьstan soƣan qarƣьp kettj, çerge ʙarьp tysjp edj, syiekterj kyl-para ʙoldь. Sonda tylkj kyljp: „areke ʙjr çerjnjz aurьp qaldь ma?“ — dep sūardь.

Arьstan aittь: „syiekte sьnʙaƣan syiek çoq. Tylkj mūnьꞑ qimьldauƣa camasьnьꞑ kelmeitjnjn ʙjljp, qoꞑ etjn oiьp çep çatьr edj, sonda arьstan: „ai, tylkj, əuelj kɵz maibьmdь çecj“ — dedj.

Tylkj aittь: „areke, nesjne asьƣasьꞑ, qūdai ʙūiьrsa senjꞑ etjꞑdj çeitūƣьn ʙoldьm ƣoi“ — dedj, sɵitjp, arьstandь çana çep aldь. Sɵitjp, tylkj qьstan cьƣadь.

Bjr kynj tylkj kele çatsa, ʙjr ʙɵdene çorƣalap ʙaradь eken, tylkj cap ʙerjp ʙɵdenenj ūstai aladь. Bɵdenege aitadь: „ʙalapandarьꞑdь tauьp ʙerseꞑ, ɵzjꞑdj qoia ʙereijn!“ — deidj. Bɵdene: ʙalapandarьm ana qalьꞑ kɵktjꞑ jcjnde edj, sol araƣa ʙarьp men ʙolьp caqьrsaꞑ ʙalalarьm keledj“ — deidj. Çaraidь dep ʙɵdenenj tjstep, tylkj qalьꞑ cɵpke keledj: „ʙalapandarьꞑdь ne dep caqьraiьn?“ — dedj. Bɵdene: „maꞑƣьt — dep qattь daustap caqьr“ deidj. Tylkj: „maꞑƣьt“ — degende, ʙɵdene: „auzьꞑa saꞑƣьt!“ — dep ūca çɵneljptj.

Bɵdenege ɵcjgjp çyrjp, ʙjr kynj tylkj ʙɵdenenj kɵrjp çetjp kelgende, ʙɵdene aƣactьꞑ ʙasьna cьƣьp qonьp otьrьptь. Tylkj: „e, ʙɵdene ne ʙjldjꞑ, ʙarlьq çan-çanuar ʙjr-ʙjrjne qastьq qьlmasьn degen təꞑjrden çarlьq keldj, endj ʙjreuge ʙjreu timeidj. Barlьq çan-çanuar endj ʙjrj men ʙjrj dos ʙolatьn ʙoldь. Çerge tys, dostьƣьmьzdь ʙjldjreijk“ — deidj. Sonda aƣactьꞑ ʙasьnda otьrƣan ʙɵdene ʙoilap-ʙoilap alьsqa qaraidь. Çerde tūrƣan tylkj: „e, ʙɵdene nenj kɵrjp qaraisьꞑ?“ — deidj. Bɵdene: „ʙjlmeimjn, alьsta tɵrt aiaqtь ʙjrdeme kele çatьr, ɵzj tьqьr çyndj, çarƣaq qūlaq, moinьnda qarƣьsь ʙar!“ — deidj. Tylkj: „oiʙai, ol tazь cьƣar!“ — deidj. Bɵdene ʙoilap-ʙoilap qarap: „ʙolsa ʙolar“, — deidj.

Tylkj: „oiʙai, endece men qacaiьn!“ — deidj.

Bɵdene: „e, endj ʙarlьq çan-çanuar ʙjr-ʙjrjne timeitjn ʙoldь degenjꞑ kəne, nege qorqasьꞑ?“ — deidj.

Tylkj: „oiʙai, kjm ʙjledj?... əlde, ol çarlьqtь esti qoimaƣan tazь cьƣar?“ — dep qacьptь.

# OILAN, TAP



I.

## IAKOR.

„Mьnau, iakor temjrge qaraңьz. Mūndai qūral teңjz ystjnde çyrgende keme toqtatuqa kerek.

Bjr kynj bjr kemecj, kemenj toqtatamьn dep iakorьn teңjz tyвjne tysjredj. Sol kezde iakorge вjr saqina qosa jljne сьqqan.

Kəne, вalalar, osь saqinanь qalai вosatьp alu kerek?



II.

## „KJM KYCTJ?“.

Būl oiьndь çasap alu øte oңai. Ol ycjn tek ekj-ekjden surettegjdei aqac çasap alu kerek.

Ol aqactь вьlai çasaңьz: Ylken вørene aqactan вjr kesjp alьp, onь ortasьnan qaq вøljp çarasьz. Kesjlgen aqactьң ūzьndьqь 25 santimetrdei вolsa вoladь.

Būdan soң oiьndь вastaisьz.

Kəne, kjm mьqtь eken? Oinap køriңjzder.




## ÇŪMBAQTAR.

I.

Køz aldьma əkelsem,
Alьs çerge tykjrgen.
Eвjn tapsaң inedei,
Aitqan çerden tyirelgen.

II.

Qūs siaqtь, qūs emes,
Samqap ūcqan вijkke,
Qanatь вar, qaqpaidь,
Çyrse de sonca вijkte.

III.

Çorqalaqan tasвaqa,
Bolattan kigen køilegj.
Çau—çьrada, ol çau ystjnen
Basa køktep øtedj.

IV.

Tau astьnan kyrsjldep,
Çøteledj, qūsadь.
Qūsьqь coq çalьndь,
Tysken çerjn ørt qūcadь.

## ESEP

### Korzinadaqь çūmьrtqa

Bjr əiel вazarqa kele çatьp вjr korzina çūmьrtqanь сасьp aldь.

—Sen nege çolda tūrasьn? —dedj ol, çolьnda tūrqan вjr adamqa.

—Qapu etjңjz, tøleijn, korzinadaqь çūmьrtqaңьz qanca edj?—dep sūradь ol adam.

—Bjlmeimjn. Bjraq, esjmde qalqanь mьnau: Men mūndaqь çūmьrtqalarьmdь ekjden, ycten, tørtten, вesten nemese altьdan alьp satqanьmda korzinada вjr çūmьrtqa qaluqa tijs edj. Al, çetjden alьp satqanьmda korzinada ecвjr çūmьrtqa qalmaidь.

Kəne, sonda korzinada nece çūmьrtqa вar?

## REBUS.




Mьnau ərpterden reвustь tauьp alьңьz. Esjңjzde вolsьn, вūl reвustan orьs qalqьnьң ūlь çazucьlarьnьң вjrjnjң atь çazьladь. Būl kjm eken, ə?

# BASЬLQAN ÇŪMBAQTARDЬŊ CECUJ



Velosipedcjler qalaqa вьlai kjredj.
Çūmвaq surettjŋ cecujn cьqarqan Cielj
ortalau mekteвjnjŋ V klas oqucьsь
Koвei Aldoŋqarov.



Storoç qūdьqqa mьna çoldarmen вaradь
Çūmвaq surettjŋ cecujn çjвergen.
Iвragimov Seitçan (Qьzьl-Orda oвlьsь).




Çūmвaqtьŋ cecujn tapqan K. Aldoŋqarov.

---

Çurnalьmьzdьŋ altьncь sanьnda вasьlqan ekjncj çūmвaqtьŋ cecuj:
Ekj samolet вjr mezgjlde вarьp qaitadь. 80—1—20.

Cecujn çjвergen *Aldoŋqarov K.*
(Cielj ortalau mekteвj).

## MAZMUNЬ


Betj

Ç. Altaibaev. — Sabaq bastaldь . . . . . 1
Qapan. — Armiaqa baradь . . . . . . . . 2
Q. Moldaqacejv. — Men saqcь . . . . . . 2
X. Seilxanov. — Capaev . . . . . . . 3
Capaevtjn ɵluj (Qalq ertegjsj) . . . . . 7
M. Nūrbaev. — Cabūbl . . . . . . . . . . 9
Q. Syleimenov. — Otan qьzь . . . . . . . 10
A. Maldьbaev. — Būlbūl . . . . . . . . . 12
D. Çazьqbaev. — Çambыlqa . . . . . . . 12
Oleg Matskevic. — Mektep direktorь . . 13
D. Əbjlov. — Kiev . . . . . . . . . . . . 16
Professor A. Ilin. — Adam qaidan cьqqan . 17
Iogonnes Bexer. — Estjlgen yn turalь tys . 19
Ilia Kolcin. — Balьqcь . . . . . . . . . 19
Tyie arьstan, qasqьr, tylkj çana bɵdene (qalq ertegjsj) 20
Oilan tap . . . . . . . . . . . . . . 22


188679-39


**Redkollegia:** Amangeldin R. (çauaptь redaktor)
Seilxanov X.
Raximov Ç.
Slanov Oj.
Satьbaldin Q.

Texredaktor F. Samatoxin.
Çauaptь korrektor Z. Esqaliev.

Өndjrjske 28/VIII-1939 çьlь tapsьrьldь, basuqa 4/X—1939 ç. Rūqsat berjldj. Kɵlemj 3 baspa tabaq Qaqazdьn formatь 61X94 1/8 Glavlit uəkjlj № 1703. Tiraç 3780 dana.

REDAKSIANЬN ADRESJ: Alma-Ata qalasь, Furman kɵcesj, 49. Telefon № 44 — 93.

Qazpoligraftrestjn Kjtaptar baspaqanasьnda basьldь. Zak. № 798.